



Тілде, пікірде, істе бірлік. **Ы.Гаспыралы**

ТҮРКІ АЛПАТ



ТҮРКІ ӘЛЕМІ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГАЗЕТИ

Газет 2000 жылдан бастап шығады

www.turkalemigazetesi.com

№2, 3 (ақпан-наурыз, 223-224) 2021 жыл

Меніңше, мағалымның теңеу қия.



Газет 2000 жылдың шілдесінен айына бір рет шығады
ИНДЕКСІ: 65862

ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, 29.12.2000 жылы №1672-Г куәлігі берілді.

«Europrint» баспаханасында басылды. Мақала авторларының пікірі үшін редакция жауап бермейді. Компьютермен терілген бес беттен артық мақалалар қабылданбайды. Газет Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Таралымы – 15 000 дана

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН ЖАЙЫ:

Индекс 050012, Алматы қаласы, Байтұрсынов көшесі, 145/26, Ғабдуллин көшесінің қилысы
Тел.: 8(727) 292-29-36, 292-74-40

e-mail: thmv_almati@mail.ru www.turkvakif.com

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Дариға ЖҮНІСОВА
Ислам ЖЕМЕНЕЙ
Ахмет ТОҚТАБАЙ
Жарылқасын БОРАНБАЕВ
Әлима СҚАҒИҚЫЗЫ
Тамара СУРА
Мақсұтхан ЖАҚЫП
Гаухар АСҚАРОВА

Редактор:

Арман ӘУБӘКІР

Техникалық редактор:

Фарида ТУҒАНБАЙ

Корректор:

Қарлығаш САПАРҒАЛИҚЫЗЫ

ГАЗЕТИМІЗДІҢ ӨЗГЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДЕГІ ӨКІЛДЕРІ:

Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Айфер АКСУ
Байланыс телефондары: Анкара - 90312 4183479, 90555214 0244 ұялы тел.

Батыс Түркиядағы өкілі (Трешна) Абдулхалим ДЕДЕ, «Тракия үні», FM Радиосының өкілі Байланыс телефондары: 0030697811133, e-mail: dede@otenet.gr

Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Шемсеттин КУЗЕДЖИ, Түрік елінің Жастар қоғамының бастығы, Керук газетінің өкілі, Кенан Коч Мугла Сытқы қолмаман университетінің доценті – Байланыс телефондары:

Анкара – +905412634844, e-mail: kenankoc2030@hotmail.com, www.kenankoc.com Стамбул (Түркия) қаласындағы өкілі Ахмет ТУЗУҢ, Жастар спорт комитетінің басшысы және кеңесшісі. Байланыс телефондары: 905336367050, e-mail: ahmettuzun2000@yahoo.com

Румыниядағы өкілі Гюльшен ИСМАИЛ, Жас газеті мен Костиче радиосының өкілі Байланыс телефоны: 004 078 413 93 14, e-mail:

Меншік иесі:
**ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ
МӘДЕНИ ҚОРЫ**
Президенті және
«Түркі Әлемі» газетінің
Бас редакторы –
АХМЕТ ДАҒДҰРАН

Түркі халықтары Әйелдер
комитетінің төрайымы –
Дариға ТҮРЛЫБЕК



АБАЙ – ӘЛЕМДІК ҚАЙТАЛАНБАС ТҰЛҒА

Ұлы Абайдың бізге мұра етіп өшпестей із қалдырып кеткені баршамызға мәлім. Осы сәтте Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы десек те артық айтпаспыз. Шығармашылық мұрасының құндылығын жоғалту былай тұрсын, заман ағымы өзгеріп, қоғамдық санада күрт өзгерістер пайда болған сайын бұл асыл қазынамыз өзінің жаңа бір қырларымен ерекшелене түсетініне Абайдан кейінгі уақыт өзі себепші.

Ұлы ақын өмірі, мұрасы ақындықтың, ойшылдықтың, данашпандықтың кемелі ғана емес, ең бастысы, ұлтын сүйе білудің, халқына жанашыр бола білудің бір өнегесі. Абай – дара ақын. Ол өзінің өлеңдерімен ғана ел көзіне ерекшеленіп қана қоймай, ұшан-теңіз білімімен де бүкіл адамзат баласының ой-санасына енген кемеңгер ақын. Ол – нағыз тұлға ақын. Оның поэзиясының өзінде бір керемет сезім бойында пайда болатындай адамдарға деген сүйіспеншілік пен жанашырлық лебі есіп тұрады. Осынау қазақ ақынын толғандырған мәселелері қазірдің өзінде кез келген адамзат баласының көңіл пернесін дөп басып тұр десек, артық айтқандық емес. Егер бүгінгі көзқараспен қарайтын болсақ, Абай – қазақтың ғана емес, әлем ақыны. Абайдың білім мен адами құндылыққа деген сенімі демократияны ұстануына негіз бола білді. Осы себепті ол әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күресіп, ұлтаралық өзара түсіністікті жақтаған болатын. Даулы мәселелерді шешуде зорлық-зомбылықты қолдануға қарсы болып, өзінің «Есендір» секілді поэмаларында билеушілердің тойымсыз аранынан, өктемдік пен ғасыр бойындағы көптеген адами шиеленістерден жіркеметінін білдірген болатын. Абай – өте күрделі тұлға. Абай – дана ғана емес дара ақын. Дара деп айтудың да өзіндік себеп-салдары бар. Өзінің ерекше толғаныстағы өлең шумақтары ақынды дара етіп тұрады. Сонымен қатар, ақынның өлеңдерін оқып, әсерленіп рухани ләззат алуға болады. Қазақтың жанын түсінген Абайдың жан дерті, ал Абайды түсінген әрбір қазақтың жан дерті. Сонымен қатар, Абайдың өлеңдері сол жан дертінің дауасы. Біз Абайға қарап ойымызды, көзқарасымызды, өмір сүру бағанын бағдарлаймыз. Бірақ ол Абайша өмір сүру, Абайдың айтқанын жасау, соны бұлтартпай істеу дегендік емес. Қазақ жұрты Абайды өзіне рухани нысаны ретінде көреді, соған ойын да, бойын да тәрбиелеп, үлгі алады. Даналардың ойы ол адамзаттың ақыл ойы мен ертеңгі тағдырының келешекке бойлаған тамыры, ол адамның санасындағы түйсік талшықтары қанша болса, оның жолы да соншама. Даналардың ойы адамның жан түйсігін, ақалын, жүрегін тебіренту үшін, ой салдыру үшін айтылады. Егер оқыған жұртты тебірентсе, оларға ой салса, сондай-ақ одан қорытынды шығаруына жол аңса, бұл көркем шығарманың мақсатының да, даналар ойының да жүзеге асқаны. Сондықтан да қай қоғамда болсын дананың ойы осы үшін керек, өйткені қоғам